

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

Б А С П А С Ө З М Ә Л І М Д Е М Е С І

Алматы қ.

21 желтоқсан 2016 жыл

Акциялар нарығындағы бөлшек инвесторларлардың арасындағы KASE Байқауының қорытындылары жарияланды

2016 жылдың 21 желтоқсанында Алматы қаласында акциялар нарығындағы бөлшек инвесторлардың арасындағы KASE Байқауының (Байқау) жеңімпаздарын марапаттау рәсімі болып өтті.

2016 жылдың 01 қарашасынан бастап 15 желтоқсанына дейінгі аралықта болып өткен, Байқау Қазақстан Республикасында биржалық сауда-саттықты насихаттау мақсатында және KASE мүшесі болып табылатын брокерлік ұйымдардың клиенттері болып табылатын, жеке тұлғалар арасында өткізілді.

Байқау шарттарының шегінде, байқауға қатысушылардың нақты сауда-саттық тәртіптемесінде, KASE Индексінің өкілетті тізіміндегі акциялармен сатып алу-сату мәмілелері есепке алынды. Бұл ретте Байқаудың әр қатысушысына KASE сауда-саттық жүйесінде кемінде екі сатып алу-сату мәмілесін жасасу қажет болған.

Нәтижесінде, Байқау мақсатты аудитория арасында талап етілген және танымал болып шықты, KASE мүшелері болып табылатын брокерлік ұйымдардың клиенттері болып табылатын, 1046 бөлшек инвестор қатысты. Байқау барысында қатысушылар жалпы сомасы 753 млн теңге 3 358 мәміле жасасты, ең үздік кірістілік 40,89% құрады.

Шарттарға сәйкес, акциялары нарығындағы Байқаудың жеңімпаздары болып, кірістіліктің ең үлкен мәндеріне қолжеткізген, келесі қатысушылар аталды:

- Гран-при – Жақыпова Ардақ Шыңғысқызы, "Фридом Финанс" АҚ клиенті (кірістілік – 40,89%);
- I место – Сүлеймен Талғат Бақтығалиұлы, "Қазпошта" АҚ клиенті (кірістілік – 31,96%);
- II место – Шайхин Айбек Жәдігерұлы, "Фридом Финанс" АҚ клиенті (кірістілік – 18,10%);
- III место – Емелбаева Фатима Рауқатқызы, "АСЫЛ-ИНВЕСТ" АҚ клиенті (кірістілік – 13,91%);
- IV место – Диденко Владимир Михайлович, "Қазпошта" АҚ клиенті (кірістілік – 13,36%);
- V место – Карпенко Игорь Васильевич, "Фридом Финанс" АҚ клиенті (кірістілік – 13,11%).

"Ең белсенді инвестор" жеке номинациясында, Байқау шегінде 251 мәміле жасасқан, "Фридом Финанс" АҚ клиенті Қасенова Асыл Темірболатқызы марапатталды.

"Ең белсенді брокерлік ұйым" жеке номинациясында өз клиенттерінің ең көп санын қатысуға тартқан, келесі брокерлік ұйымдар марапатталды:

- акциялар нарығындағы бөлшек инвесторлар арасындағы KASE байқауында – "Фридом Финанс" АҚ (964 клиент);
- акциялар нарығындағы бөлшек инвесторлар арасындағы KASE байқауында – "Қазпошта" АҚ (62 клиент).

Байқау жеті брокерлік ұйымның қолдауымен өткізілді: "Фридом Финанс" АҚ, "Сентрас Секьюритис" АҚ, "АСЫЛ-ИНВЕСТ" АҚ, "Банк ЦентрКредит" – АҚ еншілес ұйымы "BCC Invest", "Haluk Finance" АҚ, "Қазпошта" АҚ және "Еуразиялық Капитал" АҚ.

Байқаудың серіктестері "Фридом Финанс" АҚ және "Сентрас Секьюритис" АҚ брокерлік ұйымдары болды.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық-Азия өңіріндегі жетекші және өз қызметін Қазақстанның қаржылық нарығында жүзеге асыратын жалғыз қор биржасы болып табылады. Бұл репо нарығының құралдары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздардың, халықаралық қаржы институттарының облигацияларының, сондай-ақ туынды қаржы құралдарының әмбебап сауда-саттық алаңы.

KASE Дүниежүзілік биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалардың федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі болып табылады. 2015 жылы KASE БҰҰ "Қор биржалар тұрақты даму үшін" бастамасына қосылды. KASE ТМД биржалары арасында бағалы қағаздар сауда-саттығының көлемі бойынша екінші орынға иеленіп, FEAS биржаларының акциялар нарығының капитализациясы бойынша топ-5 кіреді.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz